



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, II

Мемлекет жауапкершілігі.1-бөлім





М. Шоу өз еңбегінде, мемлекеттің жауапкершілігі халықаралық құқықтық жүйенің табиғатынан, мемлекеттің егемендік және мемлекеттердің теңдігі доктриналарынан тамыр тартады деп пайымдайды. Бұл ұғым қандай да бір мемлекет екінші бір мемлекетке құқыққа қайшы іс-әрекет жасаса, екеуінің арасында халықаралық жауапкершілік пайда болады дегенді білдіреді. Мемлекеттің халықаралық міндеттемені бұзуы оның өтемін қайтару туралы талап тудырады. Бұл орайда, негізгі назар қосалқы мәселелерге ауады. Басқаша айтқанда, халықаралық құқық нормаларын бұзғаннан туындайтын процедуралық және басқа салдарларға назар аударылады. Бұл халықаралық құқықтағы мемлекеттің жауапкершілігі туралы нормалар мен халықаралық құқықтың басқа салаларына қатысты нормалардың өзара арақатынасы туралы бірқатар сұрақтар тудырды. Мысалы, 1990 жылы Франция мен Жаңа Зеландия арасындағы Rainbow Warrior (Рейнбоу Уорриор) арбитраждық ісінде мемлекеттің жауапкершілігі туралы нормалар мен шарттар құқығы арасындағы арақатынас туралы мәселе көтерілді. Бұл істе арбитраж 1985 жылы Францияның агенттері Жаңа Зеландия айлағында Rainbow Warrior кемесін қиратқаны туралы істе қарады. Іске БҰҰ Бас хатшысы араласып, 1986 жылы ақыры Франция Жаңа Зеландияға өтемақы төлеуі тиіс, Францияның екі агенті Тынық мұхиттағы Франция базасына үш жылға ауысу керек және екі мемлекет өзара келісімге келгенге дейін ешқайда кетпеу керек деген шешім шығарылды. Дегенмен екі агент те арада үш жыл өтпей жатып, Жаңа Зеландияның келісімінсіз, Францияға қайтып келген. 1986 жылғы келісімде наразы тараптың шешімімен келіспесе, арбитражға жүгіну құқығы белгіленген еді. Жаңа Зеландия сол құқығын пайдаланды. Жаңа Зеландия Францияны шартта көрсетілген міндеттемесін бұзды деп айыптады. Бұл шартта мемлекеттің жауапкершілігі және форс-мажор мен қиындық мәселелері қарастырылған болатын. Бірақ сот бұл жағдайларды форс-мажор жағдай деп танымады. Өйткені бұл француз азаматтарының өз жеке басының мәселесі, сондықтан Франция жауапкершілігінде болады деп шешті.

Арбитраж «халықаралық шарт құқығының бұл істе белгілі бір маңызы бар. Бірақ, шартты бұзуға форс-мажор жағдай себепкер болса да, шартты бұзудың салдары да, шарттың қандай жолмен бұзылғаны да халықаралық әдет-ғұрып құқығымен реттелуге тиіс» деп шешті. Арбитраждың айтуынша, Халықаралық құқықта шарт бойынша жауапкершілік пен деликті жауапкершіліктің арасындағы айырмашылық нақты көрсетілмеген. Сондықтан мемлекеттің өз міндеттемесін бұзуының кез келген түрі мемлекеттің жауапкершілігін тудырады және өтемақы төлеуге мәжбүр етеді.

Халықаралық сот Gabcıkovo-Nagymaros Project (Габчиков-Надьямарос жобасы) ісінде былай деп мәлімдеді: «Конвенцияның күшіне енген-енбегенін, сондай-ақ конвенция күшінің уақытша тоқтатылғанын немесе күші жойылғанын анықтау шарт құқығына сәйкес жүргізіледі. Конвенцияның күшін уақытша тоқтату мен күшін жою шарт құқығына қайшы болып, мемлекеттердің жауапкершілігін тудырса, оны мемлекеттің жауапкершілігі тұрғысынан жүзеге асырады».

## Мемлекет жауапкершілігінің табиғаты

Жауапкершілік туындау үшін бірнеше маңызды сипаттама бар. Біріншіден, екі мемлекет арасында халықаралық құқықтық міндеттеме болу керек. Екіншіден, сол міндеттемені бұзатындай жауапты мемлекет тарапынан жасалған әрекет немесе қателік орын алу керек. Үшіншіден, заңсыз әрекет немесе қателік салдарынан шығын немесе зиян келтірілген болуы тиіс. Бұл ережелер Мемлекет жауапкершілігі туралы халықаралық құқық комиссиясының мақалаларында талай мәрте келтірілген. Аталған сипаттамалар бірнеше істе ұшырасады. Мысалы, Spanish Zone of Morocco (Мороккодағы Испания аумағы) ісінде судья Хюбер жауапкершілік құқықтық қатынастың қисынды салдары, өйткені халықаралық сипаттағы құқықтың барлығы белгілі бір деңгейде халықаралық жауапкершілік жүктейді деген пікір айтты. Ал Chorzow Factory (Хожува фабрикасы) ісінде кез келген құқық бұзушылық келтірілген шығынды өтеу міндеттемесін тудырады деп айтылды.

Халықаралық заңға қайшы әрекеттер ұлттық, муниципалдық құқық нормаларымен емес, халықаралық құқық нормаларымен анықталады. Сонымен бірге, егер бір мемлекет



басқа мемлекетке халықаралық заңсыз әрекет жасауға оның заңға қайшы екенін біле тұра жәрдемдесе, онда жәрдем көрсетуші мемлекет те жауапқа тартылады. Мемлекеттік жауапкершілік жеке жауапкершілікпен бірдей болуы мүмкін. Бұл екі жауапкершілік бірін-бірі жоққа шығармайды.

### Кінә және атрибуция мәселесі

Мемлекеттің заңсыз әрекеттері мен қателіктеріне қатаң жауапкершілік бекітілу керек пе, әлде осындай заңсыз әрекетке жол берген ресми тұлғалардың кінәсін анықтау маңызды ма деген сауал төңірегінде түрлі қарама-қайшы пікір айтылады.

Объективті жауапкершілік қағидатына («тәуекел» теориясы деп те аталады) сәйкес жауапкершілік қатал болуы керек. Мемлекеттік агент жасаған құқыққа қайшы әрекеттің салдарынан басқа мемлекетке зиян келтірілсе, халықаралық құқыққа сәйкес, сол мемлекет зардап шеккен мемлекеттің алдында жауап беруге тиіс. Бұған қарама-қарсы субъективті жауапкершілік теориясы (мұны «кінә» теориясы деп те атайды) бойынша мемлекетті қандай да бір зиян келтіргені үшін жауапкершілікке тартар алдында оның лауазымды тұлғасы жасаған құқыққа қайшы әрекеттің арам пиғылмен немесе абайсызда жасалғанын анықтап алу қажет. Бұл мәселе бойынша академиялық пікір мен прецеденттер екіге жарылды. Дегенмен көпшілігі қатал ұстанымды, яғни объективті жауапкершілік теориясын қолдайды.

Халықаралық құқық комиссиясының мемлекеттік жауапкершілік туралы мақалаларында объективті немесе субъективті жауапкершілік, кінә, немқұрайлық немесе ниет туралы соттың ұстанымдары контекстке байланысты өзгеріп отырады деп көрсетті. Бұл ретте, ең бастысы атқаратын мәселе туындатқан жағдайдың жай-жапсары маңызды.

Абсолютті жауапкершілікке тартылудың алдын алу үшін мемлекеттер әдетте өздерінің құзыретті органдары мен департаменттерін қатаң бақылауға алады. М. Шоудың пікірінше, мемлекет жауапкершілігі бірқатар салаларға таралады. Ол бір мемлекеттің жасаған, басқа мемлекетке тікелей әсер беретін әрекеттер немесе қателіктерді қамтиды. Мысал ретінде шартты бұзу, басқа елдің территориясына шапқыншылық, басып кіру, мемлекет мүлкіне зиян келтіру және тағы да басқа әрекеттерді айтуға болады. Бір жағынан мемлекет сондай-ақ өзінің ресми тұлғаларының шетел азаматтарына келтірген зақымы үшін де жауапты. Мұны атрибуция деп атайды.

Атрибуция деп мемлекеттің немесе оған қарасты органның лауазымды тұлғасы мемлекеттердің халықаралық міндеттемелерін бұзған кездегі жауапкершіліктің деңгейін бағалауды айтамыз. Атрибуция доктринасы мемлекет пен заңсыз әрекет немесе қателік жасаған тұлға немесе тұлғалар мен мемлекет арасындағы қарым-қатынасқа байланысты. Себебі, мемлекет абстрақтылы заңды тұлға ретінде өз бетімен әрекет ете алмайды. Мемлекет атынан ресми тұлға мен уәкілдер әрекет етеді. Халықаралық шартқа сәйкес мемлекет өз азаматтарының жасаған әрекеттері үшін жауапкершілік жүктемейді. Мемлекет тек қана өзінің мемлекеттік қызметкерлерінің әрекеттері үшін ғана жауапты. Сондықтан да мемлекеттің ресми тұлғаларының әрекеттері мен қателіктері атрибуцияға келіп тіреледі.

Халықаралық құқық комиссияның мемлекеттік жауапкершілік туралы мақалаларында кез келген мемлекеттік органның (мейлі ол жеке адам немесе мемлекеттік статусы бар мекеме болсын) олардың әрекеті халықаралық құқық бойынша сол мемлекеттің әрекеті болып саналатыны жазылған. Ол үшін сол мемлекеттік орган өзінің құзыреттік міндеттеріне сәйкес заң шығарушы, атқарушы, сот, және басқа да міндеттерді атқарған болуы шарт.

Геноцид Конвенциясында (*Bosnia v. Serbia*) Халықаралық Сот та осы тәсілді құптады. Нақтырақ айтсақ, сот атрибуцияны мемлекет жауапкершілігінің іргетасты негізі деп атады. Оған қоса, ресми тұлғаның әрекеті мемлекеттің міндеттемесін бұзса, бұл мемлекет жауапкершілігіне ұласатыны айтылған. Сонымен қатар, мемлекеттік пен жартылай мемлекеттік органдардың пролиферациясына (яғни көбеюіне, санының артуына) байланысты мемлекеттік орган болып саналмайтын органдардың ресми тұлғалары жасаған әрекеттері егер ішкі заңнамасына сәйкес мемлекеттік функцияны атқарғаны белгілі болса, халықаралық құқық бойынша мемлекет әрекет болып саналады. Бұндай ерекшелік белгілі бір мемлекеттік немесе реттеуші қызмет атқаратын жекешелендірілген корпорациялар жағдайларын ескере отырып қабылданған.



## Ultra vires әрекеттер

Құқыққа қайшы әрекет мемлекет тағайындаған лауазымды тұлғаның құқық қабілеті шегінен шығып кетсе, бұл үшін мемлекетті кінәлауға болады. Дегенмен лауазымды тұлғатым болмағанда «өкілетті тұлға ретінде немесе орган ретінде және өзінің ресми өкілетінің шеңберінде ғана әрекет еткенін есепке алу қажет.

Mossé ісінде сот «Егер... лауазымды тұлғаның әрекеті ресми-құқықтық мәртебесі шегінен шығып кеткені анықталса да, оның үстінен іс толық зерттелмей тұрып түсірілген шағымды негізсіз деуге болмайды. Басқа істердегідей, құқық мәселесін тексеру қажет... Атап айтқанда, халықаралық тәртіп бойынша мемлекет өзінің лауазымды тұлғасы өз құзыреті шегінен шығып кеткенін, яғни мемлекет берген тапсырмаға қайшы әрекетке барғанын білген-білмегенін тексеруге тиіс» деп мәлімдеді. Мұның бәрі тым күрделі көрінеді. Бір жағынан, лауазымды тұлғаның әрекеті оның құқықтық қабілетінің шегінен шығуы тиіс, екінші жағынан, олар өздерін лауазымды тұлға ретінде ұстауы тиіс. Жағдайдың мұндай күрделі сипатын жақсы түсіну үшін бірнеше кейсті қарастырайық.

Youman (Юман) ісінде Мексика қалашығында өміріне қатер төнген АҚШ азаматтарын қорғау жөнінде полицияға тапсырма берген. Бірақ полиция көтерілісшілерге қосылып кетіп, салдарынан АҚШ азаматтары мерт болды. Жалпы шағым жөніндегі комиссия қарулы күштің құқыққа қайшы осы әрекеті үшін Мексиканы жауапты деп тапты. Ал, Union Bridge Company (Юнион бридж компани) ісінде Ағылшын-Бур соғысы кезінде Үкіметтік теміржол мекемесінің лауазымды тұлғасы бейтарап мүлікті қателесіп иемденіп кеткені қаралды. Лауазымды тұлғаның шынымен қателескеніне және билік органдары тарапынан сол мүлікті иемдену туралы тапсырма берілмегеніне қарамастан, билік органдары жауапты деп ұйғарылды. Бұл жерде басты нәрсе – лауазымды тұлғаның ресми-лауазымдық міндетін атқаруы. Трибунал Sandline (Сандлайн) ісінде «әрекет ultra vires сипатында болса да, ішкі құқыққа қайшы болса да, бәрібір халықаралық құқықта мемлекеттің әрекеті болып саналатыны – халықаралық құқықтың қалыптасқан қағидаты» деген мәлімдеме жасалды. Ultra vires – бұл жердегі лауазымды тұлғаның ресми құзыретінің шегінен шығып кеткен, дәл жоғарыдағы жағдайда ішкі заңнама бойынша заңсыз болып танылатын әрекеті. Олардың (яғни британдық) мекемелердің, ресми лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік қызметкерлері егер олар мемлекет органы ретінде әрекет етсе немесе әрекетсіз қалса, ол мемлекеттің халықаралық деңгейдегі әрекеті ретінде қабылданады. Егер үкіметтің атынан қандай да бір қызметті жүзеге асыруға құқық берілген мемлекеттік органның немесе жеке тұлғаның әрекеті оның қызметінен тыс немесе тапсырмаға қарама-қайшы орындалса да, ол халықаралық құқықта мемлекеттің әрекеті болып саналады. Бұл баптың нормасы мемлекеттің абсолютті жауапкершілігін бекітіп отыр, яғни үкімет қандай да бір шектен шыққан әрекетке сілтеме жасай алмайды. Осылайша, объективті жауапкершілік теориясына қолдау білдірілді.

## Мемлекет бақылауы мен жауапкершілігі

Халықаралық құқық комиссиясының Мемлекеттің жауапкершілігі туралы баптарының 8-бабына сәйкес, жеке адам мен адамдар тобының әрекеті мемлекеттің бағыттауы мен бақылауы негізінде жүзеге асырылса, халықаралық құқықта бұл әрекет мемлекеттің әрекеті болып саналатыны айтылған. Шын мәнінде, әрекет мемлекеттің бақылауымен немесе бағыттауымен жүзеге асқанын анықтау қиын. Егер бапқа берілген түсініктемеден заңсыз әрекет дегенімізді – мемлекеттің бақылауымен немесе бағыттауымен іске асқан операцияның бөлігі деп танысақ, онда мұны мемлекет әрекеті ретінде қабылдауға болар еді. Бұл жағдайға қатысты бірнеше прецедент болды.

Халықаралық сот Nicaragua ісінде партизандарды қаруландырып, оларды қажетті заттармен қамтамасыз етті деп айып тағылған Америка әрекетін қарастырды. Сот партизандардың әрекетін оларды қаржыландырып, материалдық ресурспен қамтасыз еткен АҚШ-тың да әрекеті деп тану үшін әуелі АҚШ-тың аталған әскерилерді өз ықпалына көндіріп, басқарып



отырғанын дәлелдеу қажет деп ұйғарды. Басқаша айтқанда, бұл істе жауапкершілікті АҚШ-қа жүктеу үшін оның партизандарға жалпылама ықпалы негіз бола алмайды. Ал, Namibia ісінде БҰҰ-ның Халықаралық соты: «Мемлекеттің белгілі бір территорияда істеген әрекеті басқа мемлекетке кері әсерін тигізгеніне бола жауапқа тарту үшін сол территорияға егемен билігі мен құқықтық титулы болуы онша маңызды емес, керісінше, ең маңызды нәрсе – сол территорияны физикалық тұрғыдан басқару, яғни нақты билік жүргізу» деп мәлімдеді.

Ұқсас пікірді Адам құқықтары жөніндегі Еуропа соты *Loizidou v. Turkey* ісінде де айтты. Нақтырақ айтқанда, бұл істе белгілі бір келісімге қатысу тарап өз территориясынан тыс, яғни басқа елдің территориясында нақты билікті жүзеге асырған кезде мемлекет жауапкершілігі болады деп ұйғарды.

### **Жаппай зорлық-зомбылық, көтеріліс және азаматтық соғыс**

Егер үкіметтің билік органдары әділ де адал әрекет етсе, бей-жай қарамаса, көтерілісшілер мен бүлікшілердің келтірген зияны үшін үкімет жауапты емес деген жалпыға ортақ қағидат бар. Дегенмен мемлекет ондай кезде тиісті деңгейде сақ болғаны жөн – яғни *due diligence* қамтасыз етуге міндетті. Тәуелсіз дереккөздерден шынайы, объективті ақпарат жинап, әділдік танытуы керек. Бірақ іс жүзінде мемлекеттің ниеті қандай болғанын анықтау өте қиын, ал теріс әрекетті дәлелдеу әлдеқайда оңай. Егер көтеріліс нәтижесінде мемлекет территориясының бір бөлігінен жаңа мемлекеттің негізін салу мүмкіндігі пайда болса, жаңа үкімет немесе жаңадан пайда болған мемлекет көтеріліс пен бүлік кезіндегі әрекеттер үшін жауап береді.

*Yeager v. The Islamic Republic of Iran* (Иегер мен Иран Ислам Республикасы) ісінде Трибунал Ираннан қуылған азаматқа өтемақы төленсін деген шешім қабылдады. Төңкеріс қатысушылары жеңіске жеткен соң, біраз адамды елден аластаған. Төңкеріс басталған кезде, төңкерісті қорғау корпусының қызметкерлері сол кезде Иран мемлекетінің ресми органы болмаса да, мемлекет территориясында ресми үкіметтің қызметін атқарып отырған. Сондықтан Иран олардың әрекеті үшін жауапты деп танылды. Егер мемлекет кейінірек сол әрекетті өзі жасағанын мойындаса, онда халықаралық құқыққа сай бұл әрекет мемлекеттің әрекеті болып саналып, тиісінше жауапкершілік туғызады. Тағы да сол Иранға қатысты, яғни *Iranian Hostages* (қазақша айтқанда Ирандағы тұтқындар) ісін қараған кезде Халықаралық сот, содырлардың АҚШ елшілігіне жасаған шабуылына қатысты басында Иранды кінәлай алмайтынын айтқан, яғни Иранның жауапкершілігінің атрибуциясы деп қарай алмайтынын мәлімдеген. Себебі әлгі содырлар Иран үкіметінің қызметкерлері немесе органы емес. Дегенмен Иранның ресми билігі (яғни Аятолла Хомейни билігі) кейінірек осы шабуылшыларды қолдап, мәлімдеме жасап, елшілікті басып алуды дұрыс деп шешкен. Аталған факт Иранның мемлекеттік әрекеті ретінде бағаланды. Осылайша, содырлар Иран мемлекетінің өкілдері болып шыға келді және мемлекетке бұл шабуыл үшін халықаралық жауапкершілік жүктелді.

### **Құқыққа қайшылықты жоятын жағдайлар**

Егер мемлекет басқа мемлекеттің қандай да бір құқыққа қайшы әрекет жасауына келісім берсе және сол әрекет осы келісім шеңберінде жүзеге асырылған болса, онда құқыққа қайшы әрекеттің алды алынған болып саналады. Ондай жағдайдың көрнекті мысалы ретінде бір мемлекеттің өтініші бойынша екінші мемлекеттің әскери отряд жіберуін атауға болады. Өзін-өзі қорғау мақсатында әрекеттің де құқыққа қайшы сипаты болмайды. Өзін-өзі қорғау шеңберінде жасалған құқыққа қайшы әрекеттерді шиеленістің алдын алу деп саналады.

Құқыққа қайшы әрекетті болдырмау шараларының қатарына қазіргі кезде барлық зардап шеккен мемлекеттердің мүдделерін қорғау мақсатында жасалған «қарсы шараны» да жатқызамыз.

*Gabcikovo-Nagymaros Project* ісінде Халықаралық Сот «қарсы шаралар» заңды болып саналу үшін қажетті шарттарды атады. Біріншіден, қарсы шара оған дейін жасалған құқыққа қайшы



әрекет жасаған мемлекетке жауап қайтару үшін жасалады. Екіншіден, зардап шеккен мемлекет заңсыз әрекет жасаған мемлекетке заңсыз әрекетін тоқтатуға немесе зардапты өтеуге сұрау салуы керек немесе талап етуі тиіс.

Соттың пікірінше, бұл жердегі маңызды нәрсе – қарсы шараның әсер ету көлемі келтірген зиянның көлеміне тең болуға тиіс. Қарсы шараның мақсаты – құқыққа қайшы әрекет етіп отырған мемлекетті халықаралық құқықтағы міндеттемесін орындауға үндеу. Ол үшін қарсы шараны қолданатын мемлекет оған өзінің міндеттемесін орындауға мүмкіндік беретін шара қолдануы тиіс. Егер мемлекет қарсы шара қолданса, дауды екі мемлекет арасындағы келісілген амалдармен шешу жолдары күшін жоймайды. Сол сияқты, қарсы шара қабылдаған мемлекет қарсы мемлекеттің дипломатиялық және консулдық қызметкерлеріне, дипломатиялық, консулдық ғимартары мен агенттеріне, мұрағаттары мен құжаттарына тиіспеуді құрметтеуге тиіс.

Жәбір көрген мемлекет қарсы шара қолданар алдында жауапты мемлекетке өз шешімі туралы хабарлауы және аталған мәселе бойынша келіссөз жүргізуге шақыруы тиіс. Жәбір көрген мемлекетке өзінің құқықтарын сақтау үшін қажетті қарсы шаралар қолдануға жол беріледі. Қарсы шаралар құқыққа қайшы әрекет жасаушы мемлекет өз міндеттерін толық орындаған жағдайда немесе халықаралық соттың сол мәселе бойынша орындауға міндетті шешімі шыққан кезде тоқтатылады.

Форс-мажор құқыққа қайшы сипатты жоятын жағдай ретінде бұрыннан белгілі. Дегенмен форс-мажорды дәлелдеу үшін тым жоғары стандарт қойылған. Мысалы, сот Serbian Loans ісінде Сербия Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталып кетуіне орай қарызды қайтаруға қауқарсызбыз деген дәлел қайтарды, яғни бұдан шығатын қорытынды – форс-мажор жағдай кезінде мемлекет оны өз күшімен жоюға немесе оны айналып өтуге қауқары болмаған кезде орны алады. Басқаша айтқанда, ондай жағдай туындаған кезде мемлекеттік анық шарасыздық танытуы керек. Мұны біз халықаралық соттың Rainbow Warrior ісіне қарасты шешімінен көрсек болады. Сот өз шешімінде, мемлекеттің өз міндетін атқарудың ауыртпалығы немесе қиындығы форс-мажор боп саналмайды деп мәлімдеген. Егер трагедиялық оқиға кезінде әрекет етуші тұлға басқа адамды немесе адамдарды құтқаруға басқа шара қабылдауға мүмкіндігі болмаса, ол заңсыз, яғни құқыққа қайшы әрекет болып саналмайды. Мысал ретінде теңіз дауылынан кейін шетелдік кеме капитанының рұқсатын алмай-ақ аман қалғандарды іздестіруді айтсақ болады. Трагедиялық оқиғадағы форс-мажор жағдайдың ең басты айырмашылығы – осындай тығырықтан шығар жолдың, яғни таңдаудың болуы.

Жіті зәруліктен, асқан қажеттіліктен туған әрекет кейде заңды деп танылуы мүмкін. Бірақ мұндай әрекет үлкен қауіптен аман сақтап қалу үшін жасалуы тиіс. Оған қоса, басқа мемлекеттің немесе халықаралық қоғамдастықтың мүдделеріне нұқсан келтірмеу керек. Ал егер мемлекеттің өз мойнына алған міндеттемесі бойынша асқан қажеттілікке тыйым салынған болса немесе сондай жағдайдың орын алуына мемлекет өзі үлес қосқан болса, ондай әрекетке баруға жол берілмейді. Gabčíkovo-Nagymaros Project ісінде Халықаралық Сот жіті зәрулікті, асқан қажеттілікті тек айрықша себептер туындағанда қолдануға болады деп мәлімдеді.

## Сұрақтар

1. Атрибуция дегеніміз не? Ол ресми лауазымды тұлға мен мемлекеттің жауапкершілігін қалай байланыстырады?
2. Атрибуция мен ультра вирес терминіне анықтама беріңіз?
3. Адамдардың жаппай зорлық-зомбылық әрекетіне мемлекет қандай жағдайда жауапкершілік жүктейді?